



VIII Республиканский конкурс сочинений на патриотическую тему, посвященную **25**-летию Независимости Республики Казахстан

Алматинская область

1. Абдығалым Перизат.....	2
2. Аязбай Ернұр.....	3
3. Баяхметова Арайлым.....	7
4. Бекмұхамед Ақтоты.....	10
5. Елубай Серікболсын.....	11
6. Ерланқызы Аружан.....	12
7. Жамалов Аябек.....	13
8. Жаңабай Темірлан.....	17
9. Жанболатұлы Айдос.....	20
10. Жексаналы Асем.....	22
11. Закирова Амина.....	26
12. Кеңес Алсу.....	27
13. Күмісбекова Уазифа.....	30
14. Мұхаметжан Нартбек.....	32
15. Нариманқызы Аяна.....	34
16. Салибай Акбота.....	35
17. Сырбаева Камилла.....	37

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Абдығалым Перизат
4 сынып, №4 орта мектеп Қапшағай қ.
Алматы облысы
Жетекші: Закиряева Ляззат Ашимхановна

Менің елім, Тәуелсіз ел!

Ана құрсағынан шыр етіп дүниеге келген сәттен-ақ мен, елімді, Отанымды сүйемін. Біздің ел – Тәуелсіз ел. Мен онымен мақтанамын.

Бұрын біздің мемлекет 15 одақтас республикадан тұратын, Кеңес Одағының құрамында болған. Алайда 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін жариялады.

Тәуелсіз Қазақстанның өз тарихы ерекше. Бұны естігенде қазақтар көз жасын ақ орамалмен сүртіп, қуанышты күнді қарсы алды. Сол кездегі Қайрат Рысқұлбеков, Ляззат Асанова секілді батырлардың рухына бас иуіміз керек. Біздің осылай өз жерімізде емін-еркін күліп-ойнап өмір сүруіміз сол кісілердің арқасында. Төрінде Елтаңбасы ілініп, көгінде туы желбіреп, даласында әнұраны шарықтап тұрғанда, менің елімнен басқа бақытты ел бар ма? – деп ойлаймын. Мен осындай басымды тік көтере, болашаққа нық қадаммен алға ұмтылатын едім.

Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Ол қаншама қиыншылықтарды көрді. Қазақстан халқының саны өсіп, бүгінде 17 миллионнан асты.

Біздің мемлекет басқада мемлекеттермен одақтас. Мысалы: Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Үндістан, Қытай, Түркия, Араб және т.б. елдер.

Қазақстан дербес мемлекет. Біз өз Отанымызды сүюге міндеттіміз.

Міне тарихи тасқа жазылған қазақ елінің тәуелсіз ел болуына содан бері 25 жыл өтті. Біз елімізді сүйейік. Елімізде тек қана ынтымақтастық пен бейбітшілік болсын.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Аязбай Ернұр

6 – сынып, №2 Кеген орта мектебі

Алматы облысы Райымбек ауданы Кеген ауылы

Жетекшісі: Бектурған Айнур Бақытжанқызы

Менің Отаным – Қазақстан!

Отан!

Отан!

Сен болмасаң, не етер ем?

Мәңгілікке бақытсыз боп өтер ем.

Өмірден бұл өксуменен кетер ем.

Мұқағали Мақатаев

Отан... Неткен киелі де құдіретті сөз! Бұл сөздің астары аса терең. Себебі, Отан – бар ұлттың басына бұйырмаған бақыт. Жер бетінде Отансыз ғұмыр кешіп жүрген сан ұлттар бар. Кез келген халықтың елдігінің, егемендігінің, тәуелсіз ұлт екендігінің айғағы – өз Отанының болуы. Біздің Отанымыз – Қазақстан! Қазақстан – асқар шыңдары алыстан көз тартатын, өсімдіктері емдік қасиетімен ерекшеленетін, өзен – көлдері мөлдір, қойнауы қазынаға, табиғаты тамашаға толы құтты мекен. Ол – менің, Қазақстанды мекен ететін әрбір жанның сүйікті Отаны! Отанымыздың әрбір тауы мен тасы үшін, өзені мен көлі үшін ата – бабаларымыз ұзақ жылдар бойы сыртқы жаулармен айқасып, бірі жанын, бірі жастығын құрбан етіп, біздерге бүгінгі байтақ даланы аманаттап кетті. Біздің бүгінгі ең үлкен байлығымыз – Тәуелсіздік! Ең құнды қазынамыз – ұлан-ғайыр аумақты алып жатқан дархан Даламыз! Аталған байлығымыз бен қазынамыз, яғни Тәуелсіздік пен Жер – біздің мемлекетіміздің негізгі тірегі.

1991 жылдың 16 желтоқсаны... Бұл кез келген ел азаматы үшін айтулы күн. Көптен күткен Тәуелсіздікке ие болған күн. Егер қазақ тәу етер жалғыз кие болса, ол Тәуелсіздік дер едім. Міне, еліміз сол тәуелсіздікке қол жеткізгелі жиырма бес жыл уақыт өтті. Бүгінде Қазақстан айқын мақсат – мүддесі бар, болашаққа үлкен жоспарлар артқан дербес те дамушы мемлекетке айналды. Ширек ғасыр аралығында Қазақстан көптеген мемлекеттермен достық қарым – қатынас орнатып, ішкі – сыртқы байланыстары нығайтып, өзгелермен иық тірестіре алатын, әлемдік аренадан орын алған өзіндік үні бар ел болды. Тәуелсіздік алғалы ғылым, мәдениет, экономика салалары дами

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

бастады, түрлі ғылыми жаңалықтар ашылуда. Әрине, елімізге «бәрін басынан бастау», дағдарыстан шығу, жұмыссыздықпен күресу оңай болған жоқ. Алайда, ешбір кедергі мен қиындыққа қарамастан Қазақстан аяғынан нық тұрды, халықтың тұрмыс жағдайы жақсарды және халқымыз күн сайын алға қадам басып келеді. Мемлекетіміздің басты құндылығы халық болып табылады. Қазір республикамызда көптеген ұлт пен ұлыс өкілдері бір шаңырақ астында бірлік пен татулықта бейбіт ғұмыр кешіп жатыр. Мұның бәрі ең әуелі қазақ халқының ешбір ұлтты жатсынбайтын дархан көңілі мен адал ниетін, кең пейілін аңғартады. Сонымен қатар Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың салиқалы саясатының нәтижесін көрсетеді.

Қазақстанның кез келген дербес мемлекет секілді өз рәміздері бар. Сыршыл сазгер Шәмші Қалдаяқов пен арда ақын Жүмекен Нәжімеденов, ұлтымыздың көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев жазған әнұран бойымызға жігер береді, жүрегімізге жалын ұялатады. Еліміздің әнұранын шырқаған кезде бойыңды асқақ сезім билейді. Ал Туымыз Шәкен Ниязбеков атамыздың туындысы. Тудың көгілдір түсі бұлтсыз ашық аспанның нышаны болса, алтын күн еліміздегі тыныштық пен бейбітшілікті бейнелейді. Күннің төменгі жағынан орын тепкен қыран құс Қазақ мемлекетінің қырандай қалықтаған айбынды бейнесін аңғартады. Көк ту көкке көтерілгенде бойыңды мақтаныш сезімі кернейді, шексіз шаттанасың. Ал Елтаңбамыздың авторлары – Жандарбек Мәлібеков пен Шота Уәлиханов. Елтаңбамыздың дәл ортасында шаңырақ орналасқан. Шаңырақтың Елтаңбамыздан орын алуы тегін емес. Себебі, ежелде ата – бабамыз көшіп – қонып жүріп, киіз үйде ғұмыр кешкен. Яғни бұл Қазақ елінде ғұмыр кешіп жатқан бар адам бір отбасы дегенді білдірсе керек. Түндік ашық аспанды, тыныштықты аңғартады. Ал күлдіреуіштердің бірімен–бірі байланысып жатуы - үш жүздің арасындағы береке мен бірліктің айғағы. Жан – жаққа тараған уықтар күн арайлары, ол шексіз шуақтың, нұрлы күннің нышаны. Қанатты тұлпар бар қазақтың бойынан табылатын қайрат пен қайсарлықтың белгісі. Ал биікте орналасқан жұлдыз әрбір Қазақстандықтың жол сілтер жарығы іспетті. Яғни біздің бар рәмізіміз үлкен мән-маңызға ие, әрқайсысы айырықша ойластырылған. Отанымыздың әрбір азаматы үшін Мемлекеттік рәміздеріміз тым қастерлі. Өйткені, рәміздер біздің тәуелсіз мемлекет екендігімізді айғақтайтын басты атрибуттар болып табылады.

Қазақстанның астанасы – арқа төсінде орналасқан Астана қаласы. Бүгінде Астана тәуелсіз Қазақстанның символына айналды. Ол аз ғана жылдар аясында гүлденген, сәулетті де ғажайып шаһар атанды. Бүгінде Астана миллионер қалалардың қатарына қосылып, алып мегаполис болды. Астана күн сайын жаңарып, көркейіп келеді. Астананың «төлқұжатына» айналған

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

құрылыстың бірі - «Бәйтерек» монументі. Сонымен қатар «Бейбітшілік және келісім сарайы», «Думан» мұхитаралы, «Ханшатыр» ойын–сауық орталығы, «Нұр Астана» және Хазірет сұлтан атындағы мешіттер, «Астана Опера» опера және балет театры, Елбасымыздың резиденциясы «Ақ Орда»... Мұның бәрі Астананың айшықты орындары. Астанаға келген әрбір жан дәл осы көрнекті орындарды тамашалауды мақсат етеді. Астанада бүгінде көптеген жаңа құрылыс нысандары көз ілеспес жылдамдықпен тұрғызылуда. Санаулы жылдардың ішінде бас қаламыздың әлем астаналарымен толықтай теңесетініне күмәнім жоқ. Отанымыздың жүрегі – Астана біздің мақтанышымыз!

Мұнымен бірге, мақтанар келесі жайт ол, Қазақстанның жер көлемі жөнінен әлем бойынша тоғызыншы орынды иемденуі. Қазақтың қасиетті қара жері қазба байлыққа бай. Мұнда орыс химигі Менделеев кестесіндегі жүз он тоғыз элементтің жүзге жуығы кездеседі. Сондықтан қазақ даласы жасырған жауһарлар жетерлік. Еліміздің табиғаты да ғажап! Көркіменен көз тартатын сұлу Көлсай, шырайлы Шарын шатқалы, сұлулықтың қайнары Қайыңды көлі, екінші Швейцария атанған Бурабай, әрбір альпинист бағындыруға асығатын Хантәңірі шыңы, асқаралы Алатау, «Алтын адам» табылған Есік қорғаны, атақты «Байқоңыр» ғарыш айлағы... Тізімдей беретін болсаң, бұл тізімнің жалғаса берері сөзсіз. Қазақ даласының бар кереметі ақын – жазушылардың жүрекжарды туындыларына, суретшілер мен сазгерлердің ғажайып шығармаларына арқау болды. Мен Отанымның тамаша табиғатына үнемі тамсанып қараймын әрі бұл көрікті табиғат қазаққа тарту етілген Тәңірдің сыйы деп санаймын. Бүгінде Қазақстанға саяхаттап келуші шетелдіктердің саны жыл санап артуда. Бұл Қазақстан туризмінің дамып келе жатқандығының дәлелі деп есептеймін. Елімізге келіп, саяхаттап кетушілер Қазақстанның сұлулығына, қайталанбас табиғатына тамсанып қайтатындығын ғаламтор беттерінен оқып жатамыз. Ал 2017 жылы Астана қаласында «Болашақтың энергиясы» деген атаумен өтетін Экспо көрмесі Қазақстанды бар қырынан танытатынына сенімім кеміл. Нақтырақ айтқанда елімізге келіп көрмені тамашалаушы туристер біздің тағылымы терең тарихымызбен, атадан жалғасып келе жатқан дәстүрімізбен, салт – санамызбен, әдет – ғұрыптарымызбен, ұлттық құндылықтарымызбен және мәдениетімізбен, әдебиетімізбен, өнерімізбен танысып, жас мемлекеттің аздаған жылдар аралығында қол жеткізген зор жетістіктерін өз көздерімен көріп қайтатын болады. Бұл да мақтануға тұрарлық!

Менің Қазақстаным! Сенің сұлулығың мен қасиетің, құдіретің мен киен жайлы қанша айтсам да ешқашан сөзім таусылмақ емес. Сенде туылғаным үшін, сенің топырағыңда аунап, ауанды жұтып, гүлдерінді теріп, жемістерінді

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

жиғаным үшін, тауларыңа шығып, ашық аспаныңның астында ғұмыр кешіп жатқаным үшін шексіз бақыттымын! Мен сенімен, сенің батырларыңмен, ақындарыңмен, жазушыларыңмен, суретшілеріңмен, спортшыларыңмен, саясаткерлеріңмен, ғалымдарыңмен, сенің құшағыңда өмір сүріп жатқан кез келген азаматыңмен мақтанамын! Қазақстаным! Жер бетінде мен үшін сенен ыстық, сенен жақын мекен жоқ! Мен үшін жер жұмағы - өзіңсің! Әрине, әлемнің көптеген қалаларының кереметтігін ғаламтордан, теледидардан көргеніммен, олардың бірде бірі саған теңеспейді, саған жетпейді. Себебі, сен менің ОТАНЫМСЫҢ! Қазақстаным, сенімен өткенім бір, бүгінім бір және болашағым мен жаным бір болмақ! Сенің тауың мен тасыңа, өзенің мен көліңе, жерің мен көгіңе басымды иемін! Сен менің жүрегімнің бөлшегісің! Сені шексіз сүйемін, Отаным - Қазақстан!

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Баяхметова Арайлым
10 сынып, №54 орта мектеп
Алматы облысы Сарқан ауданы Лепсі ауылы
Жетекші: Хамитқызы Амина

Тәуелсіздік

Тамырын тереңге жайған тарихыма көз жіберер болсам, сананы талай ой тұңғыығына батырып, көкейге талай сұрақтың келетіні рас. Мысалы, «Біз кіміз?», «Жұмыр жер бетінде қашан пайда болдық?», «Қай жерді мекен еттік?», «Тіліміз, мәдениетіміздің деңгейі қандай?».

Біз өр Алтай мен Атыраудың арасын мекен еткен сақтан қалған сарқыты, ғұнның қалған жұрнағы, үйсіннің жүріп өткен ізіміз. Біз қазақпыз! Он бес отауды біріктірген қара шаңырағымыз 1991 жылы ыдырады. Шығыстан алтын күн нұрын төгіп, еркіндіктің самалы есті. Көңіл көк аспандағы қасірет бұлты сейіліп, әнші бұлбұл шаттықтың әнін шырқады.

О, өмірге жаңа сәби келді. Ол енді тәуелсіз елдің ұрпағы. Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанғанда, осы дүние есігін ашқан күнәсіз пенде. Асқақ арманға қол созып бүгінгі бейбіт уақытты көре алмай кеткен асылдар қаншама?! Ағы мен қарасы, жақсы мен жаманы, жасығы мен жасампазы егіз ұғым болған жаңа ғасырда сап алтындай баға жетпес байлығымыз ұлт құндылығы берік сақтауымыз керек.

1991 жылдың 16 желтоқсанында қабылданған Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық заң Еуразия құрлығының жүрек тұсындағы ежелден ұлы дала атанған ұлан-ғайыр өледе жаңа мемлекеттік дүниеге келгенін паш етті. Санаулы сағаттардан кейін әлемнің әр тарапындағы алуан мемлекеттерден келіп түскен ежелден азаттықты аңсаған қаһарман халықтың тәуелсездігін таныған қуанышты хабарлар әлемдік ақпарат құралдары арқылы дүниенің төрт бұрышына түгел тарап жатты. Қазақтар өзінің бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы тек патша отаршылдары мен кеңестік жүйенің озбырлығына қарсы 200-ден астам ұлт азатық көтерілістерге шыққан екен. Сонын ең соңғысы таталитарлық жүйенің темір құрсауын талқандауға арналған қазақ жастарының желтоқсан қозғалысы. Тәуелсіздік жолындағы мұндай ұмтылыстардың бәрі ел тарихының ең қастерлі парақтары ретінде әрқашан жадымызда сақталатын болды.

Тәуелсіздік-біздің халқымыздың сан ғасырлық қаһармандық тарихының ажырамас бөлігі. Біз тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына қадам бастық. Бұдан жұртты бүгінгідей күнге жеткізген бұл жолда біз биік белестерді бағындырдық.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Біз талай заманда тарыдай шашылып кеткен қандастарын атамекенге жинаған әлемдегі үш елдің бірі болдық. Осы жылдары шет елдерден 800 мыңнан астам отандастарымыз келіп, халық санын бір жарым миллионға дейін арттырды.

Осы күнге дейін жеткен жетістіктеріміз біршама. Олар: Сарыарқаның сайын даласына сәулеті мен дәулеті келіскен-Астана.

Есілдің жағасына серпінді дамуымыздың символы болған еңселі Елорданы қондырдық.

Ауыл шаруашылығы саласы да дамып келеді.

Ұлттық әл-ауқат деңгейі жөнінен әлем мемлекеттердің рейтингінде Қазақстан өткен жолы 26 сатыға ілгерілеп, 110 ел арасынан 50-ші орынға көтерілді.

Біз дүниені дүрбелеңге салған дағдарыстан демікпей шығып, дамудың даңғыл жолына батыл бет бұрдық. Алдымызға ұланғайыр мақсаттар қойдық және оларға қысқа мерзімде қол жеткіздік. Тәуелсіздік жолдарында 500-ге жуық жаңа денсаулық сақтау нысандары салынды.

Медицина мекемелерінің материалдық-техникалық базасы айтарлықтай жақсарды. Еліміз білім беру ісін дамытуда 129 елдің арасында көш бастаушылар қатарында келеді. Өткен онжылдықта білімге бөлінетін қаражат 10 есеге көбейді. Осы жылдары 750 жаңа мемлекеттер салынды. Халық тату-тәтті, саяхаты сарабдал елдің ғана қазынасы қыруар, болашағы баянды болады.

Ырыс-ынтымаққа жолығады, дәулет-бірлікпен толығады.

Ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: «...Бұл қазақ иесіз жатқан жерге текке келіп ие болған жоқ. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен, кеше Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек замандарында жаннан кешіп, сусын орнына қызыл қан ішіп, жаумен алысып, жатпен соғысып, күні-түні атысып, қара қанға батысып, шыбын жанын нысанаға байлап, не маңғаз сарбаздарды жау жолында оққа ұшып өліп, сөйтіп алынған жер еді», - деп жазған.

Талай-талай қас батыр жанын қиып, қорғап қалған, талай арулар махаббат құрбаны болған, талай өзегі жарыла шаттанған пенделердің куәгері болған қасиетті Отанымыз-Қазақстан! Қазақстан-тәуелсіз ел. Сол тәуелсіздік жолында қазақ бабам не көрмеді десеңші?! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті. Әсіресе, XX ғасыр қазақ халқы үшін ауыр тиіп, қайғыға толы кезеңмен есте қалды.

Өз басым тәуелсіздіктен кейін туылған буынның өкілі бола тұра, бұл Егемендіктің қандай жолмен келгенін жақсы білемін. Қазақстан үшін, қазақ халқы үшін тәуелсіздік аспаннан түскен сый емес еді. Халқымыз бостандықты аңсап, Тәуелсіздікке зарығып жетті. Тәуелсіздік жолында еліміз аз қиыншылық көрген жоқ. Тәуелсіздік – ата-бабамыздың ежелден келе жатқан арманы. Халқымыздың бостандыққа ұмтылысының және өшпес қайсар

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

рухының арқасында тәуелсіздікке қол жеткіздік. Бұл күнге дейін жеткен ұмытылмас оқиғалар – ел бостандығын қорғау соғыстары мен ұлт-азаттық көтерілістердің тарихымызда өшпес өнеге, өлмес мұра ретінде сақталатын рас. Елдің біртұтастығы мен тыныштығын сақтауға хан-сұлтандар, батырлар, қарапайым халықтың өзі де жандарын пида еткен. Тәуелсіздік деген ұлы жеңіске қол жеткізуде әлі де жаңғырып тұрған кешегі желтоқсанның да септігі аз болған жоқ. Студент жастардың көшеге шығып үндеуі және егемендік үшін зардап шегуге дайын екендігін көрсете білуі барша халыққа сенім мен жігер берген болатын. Қазіргі таңда Тәуелсіздік – барлығымыз үшін ерекше қасиетті күн. Бірліктің, ынтымақтастық пен татулықтың күні. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі – ең алдымен халқымыздың бақыты. Алғашқы жылдарда басым мақсаттардың қатарында егемендікті нығайту, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, экономикадағы қиыншылықтарға жауап беру болған еді. Сондықтан бүгінгі күні халқымыз өткеннен қалған тарихи өнегені отансүйгіштікті, ұлтына деген махаббатты жоғалтпай, әрі қарай жастардың патриоттық енгізуге ерекше көңіл бөлуі керек деп ойлаймын.

Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығы Президентіміздің жүргізіп отырған парасатты көреген саясатының нәтижесі.

Қазақстан – қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Еліміз өлшеусіз табиғат байлығымыз ғана емес, ең алдымен сан түрлі ұлттардан құралған халқымен ерекше екенін ұмытпаған абзал. Бүгінгі бейбіт те шуақты күндерді бағалай отырып, жаңа биіктерге ұмтылу – біздің буынның бағыты болуы тиіс.

Әр Қазақстан Республикасының азаматы мемлекеттік тілін білу, барлық халықтардың дәстүрлерін құрметтеу, өз Отанын қорғау керек. Себебі Қазақстан – біздің ортақ үйіміз, біздің Отанымыз!

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Бекмухамед Ақтоғы
2 сынып, №4 орта мектеп Қапшағай қ.
Алматы облысы
Жетекші: Есиркенова Салтанат Жанатовна

Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым

Менің туған жерім – Қазақстан Республикасы. Бұл – бай тарихымен, көне мәдениетімен және ерекше табиғатымен ұлы мемлекет. Талай –талай хас батырлар жанын қиып, қорғап қалған, талай арулар махаббат құрбаны болған, қасиетті Отанымыз – Қазақстан.

Қазақстан – тәуелсіз ел. Сол тәуелсіздік жолында қазақ бабамыз не көрмеді десеңізші! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті. Әсіресе, ХХ ғасыр қазақ халқы үшін ауыр тиіп, қайғыға толы кезеңмен есте қалды. Жер бетінде елінің тәуелсіздігін, халқының бостандығын ойламайтын жұрт жоқ шығар. Бұл тәуелсіздік – біз үшін басқа қонған бақ, астына тиген тақ. Өз басым тәуелсіздіктен кейін туылған буынның өкілі бола тұра, бұл егемендіктің қандай жолмен келгенін жақсы білемін. Өйткені оларды атамнан, әжемнен, фильмдерден көп көргенмін.

Қазіргі таңда тәуелсіздік – барлығымыз үшін ерекше қасиетті күн. Бірліктің, ынтымақтастық пен татулықтың күні. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі – ең алдымен халқымыздың бақыты.

Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі мезгіл ішінде еліміз көптеген елеулі табыстарға қол жеткізді. Қазақстан – қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы.

Еліміз өлшеусіз табиғат байлығымен ғана емес, ең алдымен сан түрлі ұлттардан құралған халқымен ерекше екенін ұмытпаған абзал. Бүгінгі бейбіт те, шуақты күндерді бағалай отырып, жаңа биіктерге ұмтылу – біздің буынның басты бағыты болуы тиіс. Мен ән салуды қатты ұнатамын. Өскенде қазақ елін әлемге танытатын әнші болғым келеді.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

**Елубай Серікболсын
2 сынып, №4 орта мектеп Қапшағай қ.
Алматы облысы
Жетекші: Есиркенова Салтанат Жанатовна**

Ел тәуелсіздігіне 25-жыл

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» деген. Соның ішінде Тәуелсіздіктің 25 жылдығын ел болып жоғары деңгейде атап өтеміз. Тәуелсіздік - біздің ең басты баға жетпес құндылыққымыз. Тәуелсіздік тойына әрбір Қазақстандық өз үлесін қосуы тиіс. Яғни адам еңбек ету, елге деген құрмет көрсету қажет. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы заң қабылдаған, осы бір ерекше күн елдің есінде қалды. Тәуелсіздік ел басына берген бақыт, елдің әл-ауқаты көтеріліп, баға жетпес жетістік болды. Тәуелсіздіктің 25 жылдығын басты мақсаты-бейбіт өмір, 25 жыл ішінде елімізде кең көлемде өзгерістер болды. Ауқымды, әрі жемісті жұмыс жасайды. Халқымыз ежелден заңға тәртіпке аса мән берді. Әділдік іздеп келген адамғақ, әділ шешім айтты. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін тауып, ердің құнын, елдің тентегін тоқтатып, араздасқанды татуластырған. Енді тәуелсіздік алып, азам мемлекет болды. Ата Заңы, заңды қорғайтын әдәл соты, заңды құрметтейтін адам азаматы бар. Отанымызда тұратын әрбір азамат өзінің құқығын білуге міндетті. Бүгінгі заман соны талап етеді. Яғни, құқығыңды білмесең, сан соғып, қор боласың.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

**Ерланқызы Аружан
2 сынып, №4 орта мектеп Қапшағай қ.
Алматы облысы
Жетекші: Илесбаева Гульмира Абубакаровна**

Ел тәуелсіздігіне 25-жыл

Тәуелсіздік күн-Қазақстан Республикасының ең басты мейрамы. 16 желтоқсан 1991 жылы Қазақстан Тәуелсіздік мемлекет болды. Менің халқым бірінші рет өзінің Президентін – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты таңдады. Жаңа Конституция қабылданды. Қазақ тілі мемлекеттік тілі болып саналады.

Осы жылы біздің Тәуелсіздік Қазақстанымыз 25 жылдығын мейрамдаймыз. Менің халқым еркіндік мемлекетте өмір сүруді таңдады.

Тәуелсіздік – бұл бәріміздің еңбегіміз. Оқушылардың, студенттердің және басқа мамандықтардың еңбегі-біздің байлығымызды көбейтеді. Тәуелсіздік – менің халқымның үлкен бірлігі, тарихы, мәдениеті.

Мен еркіндік мемлекетте туғанымға қуанамын. Қазақстанда 130 ұлт бірлікте тұрады. Біздің күшіміз - бірлікте.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Жамалов Аябек
10 сынып лицейі,
«Арыстан» мамандандырылған лицейі
«Нұрсұлтан Назарбаевтың Білім беру қоры»
Қоғамдық қорының филиалы
Жетекшісі: Умерджанова Ж.Т.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне – 25 жыл!

Талай-талай қас батырлар жанын қиып, қорғап қалған, талай арулар махаббат құрбаны болған, талай өзегі өртенген өкінішті жандар мен қуаныштан жүрегі жарыла шаттанған пенделердің куәгері болған қасиетті Отанымыз – Қазақстан! Қазақстан – тәуелсіз ел. Сол тәуелсіздік жолында қазақ бабам не көрмеді десеңізші?! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті. Әсіресе, ХХ ғасыр қазақ халқы үшін ауыр тиіп, қайғыға толы кезеңімен есте қалды. «Өткенімізді ұмытсақ, болашақ бізді кешірмейді» деген ұлы даналық сөз бар емес пе? Осы даналықтың әрдайым жадымызда сақталғанын қалаймын. Тәуелсіздік – ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт-сананың мызғымас тірегі, күші, алтын дінгегі, халықтың бақ жұлдызы. Тәуелсіздік – арман! Жер бетінде қанша ұлт болса, сонша арман бар. Сол арманға біздің қазақ халқы жетті. 1991 жыл – еліміздің тәуелсіз Қазақстан деген атпен бүкіл әлемге алғаш қадам басқан жылы. Сол сәттен бері, міне, 25 жыл да өте шықты. Қазіргі Қазақстан әлем сахнасында мақтанарлықтай беделге ие. Жас мемлекетіміз осындай аз ғана уақыттың ішінде көптеген ірі экономикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізді. Қазіргі таңда Қазақстан жас мемлекет бола тұра, көптеген елдермен деңгейлес. Еліміздің аяғынан нық тұруы, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және экономикамыздың жедел қарқынмен дамуы – қазіргі таңда негізгі стратегиялық бағыттар. Бүгінгі Қазақстан – тек өзі орналасқан аймақта ғана емес, бүкіләлемдік мәселелерді талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқаратын Азия барысы. Қазақстан үшін, қазақ халқы үшін тәуелсіздік аспаннан түскен сый емес. Халқымыз бостандықты аңсап, Тәуелсіздікке зарығып жетті. Тәуелсіздік деген ұлы жеңіске қол жеткізуде әлі де жаңғырып тұрған кешегі Желтоқсанның да септігі аз болған жоқ – студент жастардың көшеге шығып, оқ пен оттың астында өктем биліктен шектен шықпауды сұрауы және егемендік үшін зардап шегуге дайын екендігін көрсете білуі барша халыққа сенім мен жігер берген болатын.

Қазіргі таңда Тәуелсіздік – барлығымыз үшін ерекше қасиетті күн. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі – ең алдымен, халқымыздың бақыты. Алғашқы жылдарда басым мақсаттардың қатарында егемендікті нығайту, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, экономикадағы қиыншылықтарға жауап беру болған еді. Сондықтан бүгінгі күні халқымыз өткеннен қалған тарихи өнегені, отансүйгіштікті, ұлтына деген махаббатты жоғалтпай, әрі қарай жастардың

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

патриоттық сезіміне енгізуге ерекше көңіл бөлуі керек деп ойлаймын. Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығы Президентіміздің жүргізіп отырған парасатты көреген саясатының нәтижесі. Қазақстан – қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Еліміз өлшеусіз табиғат байлығымен ғана емес, ең алдымен сан түрлі ұлттардан құралған халқымен ерекше екенін ұмытпаған абзал. Бүгінгі бейбіт те шуақты күндерді бағалай отырып, жаңа биіктерде ұмтылу – біздің буынның бағыты болуы тиіс. Енді тәуелсіздікке дейінгі жылдарға шолу жасап өтейін.

1991 жылы 1 желтоқсанда Республикасының Жоғарғы Кеңес сессиясымен Қазақ Кеңес Социалистік Республикасын Қазақстан Республикасы атауына ауыстыру туралы шешім қабылданды. Сол сәттен бастап Қазақ Кеңес Социалистік Республикасы өз тарихын аяқтады. Оның аумағында Қазақстан Республикасы деген жаңа мемлекет пайда болды. Қазақстан Республикасы құрылған кезінен бастап, жаңа мемлекеттің құрылуының заң негізінде кейбір құқықтық актілер шығарылды. Олардың ішіне Қазақ Кеңес Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Заңы, 1993 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы кіреді. Осы конституциялық актілер Қазақстанның тәуелсіздігін жариялады. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі және тәуелсіздігі туралы» Заңын қабылдады. Қазақ Кеңес Социалистік Республикасы таратылған кейін кеңестігінің барлық мемлекеттердің ішінен Республика ең соңғы мемлекеттік егемендігін жариялады. Мемлекеттік егемендігін жарияланған сәттен бастап еліміз «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» ұлттық мерекесін тойлай бастады, осы жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алғанына 25 жылға толады. Тәуелсіздігін алу негізі халықтың тарихи еркінің, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының, Қазақстан халқының тарихының, оның өмірі және экономикалық - саяси жүйесінің қайта құрылуы болып табылады. 16 желтоқсан күні – 1986 жылы желтоқсан айында Алматы қаласының орталық алаңында болған желтоқсан оқиғаларының құрбандарын еске алу күні. Осы күні халық орталық алаңға 1986 жылы желтоқсан айында болған оқиғалардың құрбандарын естеріне алу үшін шығады. Республиканың барлық елді мекендерінде жаппай мерекені тойлау, концерт бағдарламалары өткізіледі және белгілі мәдениет, ғылыми, спорт қайраткерлерін салтанатты түрде марапаттау бойынша іс-шаралар ұйымдастырылады. Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстан Республикасы құрылған кезінен бастап Қазақстан экономика мен саяси қайта құрылуына байланысты экономикасында үлкен табыстарға жетті. Қазақстан өзінің аумағын бекітіп және оның бүтін, бөлінбейтінін жариялады. Халықтың қауіпсіздігі мен бейбітшілігін қамтамасыз ету үшін ядролық қарудан бас тартты. Тәуелсіздік жылдары Қазақстанның жеткен табыстары елімізде тұрақтылық, бейбітшілік пен ұлтаралық татулықтың нәтижесі болып табылады, құдды бір қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман келгендей.

25 жылда Қазақстанның жеткен жетістігі жетерлік. Бірақ тәуелсіз мемлекет ретінде біздің жетістіктеріміз не деген сауал туындаса, мен төмендегі нәтижелерді атар едім. Біріншісі, тәуелсіз, жаңаша ойлай алатын, сыни көзқарастан қорықпайтын жаңа қоғам, жаңа ұрпақ қалыптасты. Бірақ осы ұрпаққа қазақ тарихын ұқтыру, құрмет сезімін қалыптастыру керек. Қазіргі қатардағы азамат өз ойын ашық жеткізе алады, қымсынбайды. Керек жерде талап етеді. Келмеске кеткен Кеңес Одағын аңсамайды. Көпұлтты мемлекеттің жастарының көпшілігі өз болашағын Қазақстанның дамуымен байланыстырады. Екіншісі, Қазақстан территориясы шекарасының толық анықталып, құжатпен бекітілуі, өзге мемлекеттердің өктемдігінен заңмен қорғалуы. Бұл жетістікке жету үшін талай дипломат, топограф, тарихшылар, картографтар және өзге де мамандар сан жылдар бойы тер төкті. Ал осы іске негіз болған президент Н.Ә. Назарбаевтың сіңірген еңбегі шексіз. Елбасы келер ұрпаққа шешілуі қиын әрі ұзақ ұлтаралық, дінаралық жанжалдарды, түйіні тарқатылмаған жер дауын қалдырмау үшін тырысуда. Өз уақытында қиын мәселелерді сыртқы инвестицияның көмегімен болса да шешуге тырысуда. Біздің елімізде түрлі мемлекеттердің бейбіт мақсаттағы жобаларын жүзеге асыруларына жол ашылды. Шетелдіктерге есік ашық. Үшінші – үлкен қиыншылықтармен республикамыздың нарықтық экономикаға толық өтуі. Нарықтық экономика, бәсекеге қабілеттілік деген сөздер тегін айтылмаған. Бұл жеке тұлғаның қоғаммен ынтымақтаса отырып өз кәсібін дамытуы, мемлекеттік шығынды азайтуға үлес қосуы болып табылады. Мемлекеттік бюджетке емес, өз қабілеті мен іскерлігіне сүйенген жаңа топ пайда болды.

Енді толағай еңбек пен үлкен қиыншылықтардың арқасында экономикамыз нығайып, дамыған елу елдің қатарына кіру үшін нақты қадамдар жасалды. Бұл жетістіктерді жетілдіру үшін тарихи санамыз таза, толық болуға тиісті.

Жетпіс жылда жоғалтқан асылдарымызбен тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында табыстық. Алашорда арыстарының халық үшін еткен еңбектері жас ұрпақты ұлттық патриотизмге шақыруға тиісті. Олар болмаса, өз мемлекетіміздің аты да тарихқа бұрыс жазылып кете жаздаған.

Тәуелсіздік тек қана мереке емес бір күн не бір ай тойлап қоя салатын. Бұл – үздіксіз жетілу үрдісі, ұлттық сананың толығыуы, өткеннен алынатын сабақ. Бұл – ата-бабаларымыздың төккен қаны, аналарымыздың ары!

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Ел тәуелсіздігін қалай сақтап, мемлекетті қалай жаһандану дәуірінде гүлдендіруге болады? Әрине, мен қазір оқушымын. Менің қосар үлесім – жақсы оқу, оқуда озат болып, өзімнің қабілеттерімді жетілдіру, Қазақстан Қарулы Күштерінің болашақ білімді офицері болу.

Отанымыздың саналы, кемел келешегінен күтері көп. Қол жетпес бағалы тәуелсіздігімізді сақтап, оны болашаққа аманат ету – біздің міндетіміз!

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Жаңабай Темірлан
10 сынып лицейі,
«Арыстан» мамандандырылған лицейі
«Нұрсұлтан Назарбаевтың Білім беру қоры»
Қоғамдық қорының филиалы
Жетекшісі: Шоранова Гульдария Ажикуловна

**Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне
25 жылжаса мәңгі, тәуелсіздік**

Тәуелсіз елдің ұлы – өжет,
қызы – қайратты, халқы – қаһарман
Н.Ә. Назарбаев

Бағзы замандарда бабаларымыз алдағысын байырқалап, келер күннің еншісін қашанда көңіліне түйе жүріп тұрмыс кешкен ғой. Алып аумақта атқа қонып, жұртына жайлы қоныс іздеп жортқанының өзі де елдің ертеңін ойлағандық, келешектің тереңіне бойлағандық емес пе. Ойламаса, Асан қайғы бабамыз Желмаясымен желіп жүріп жер жәннаты Жерұйықты іздеп, әрлі-берлі сабылар ма еді. Құдайға шүкір, сол “күндіз отырмаған, түнде ұйықтамаған” бабалардың тілеуі шығар, тынымсыз тірлігінің арқасы болар, алаш жұрты бүгінде әлемнің тоғызыншы территориясы саналатын алып аумаққа тамырын жайып, Жерұйыққа бергісіз жерде өрісін кеңейтіп, түтінін түтетіп отыр. Ол бүгін солай. Ал оның ар жағында, бұл қазақ жұртының көрмегені жоқ-ты. “Жайық үшін жандасып, Қиғаш үшін қырылған” кезі де аз болмады. Бодандықтың бұғауы жанына қатты батқан кезде ғой Махамбет сынды ақиық ақынның ақыра отырып, көкейдегі күйкіге толы арман-тілегін еріксіз ақтарғаны. “Еділдің бойы ен тоғай, ел қондырсам деп едім, Жағалай жатқан сол елге, мал толтырсам деп едім...”, - деген Махамбет сынды өр тұлғалы бабалардың азаттық үшін арпалысының жақсылығын араға ғасырлар салып үрім-бұтағы, ұрпағы көрді. Осыдан ширек ғасыр бұрын ғана Қазақ елі бодандық бұғауынан құтылды.

Қазақ елі. Осы бір сөзді естісек жүрегіміз лүпілдеп, сонау қиын- қыстау кезеңдерді басынан өткерген еліміз, оқ пен оттың арасында қасықтай қаны қалғанша айқасып, қыршыннан кеткен жастарымыз, тәуелсіз жолында құрбан болған асыл азаматтарымыз еріксіз есімізге түседі. Екі жүз жылдай патшалы Ресейдің отары, жетпіс жылдан астам уақыт Кеңес өкіметінің бұғауында болған Қазақстан бүгінде егеменді ел болды. Тәуелсіздік біздің елімізге оңайлықпен келген жоқ. Осы жолда біздің халқымыз батырлық пен батылдық, қайраттылық пен ержүректілік таныта білді. Өздерінің туған елі үшін жанын пида қылды. Ұлт маңдайының бағына біткен Керей, Жәнібек, Қасым, Есім,

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Тәуке, Абылай сияқты хандар алмағайып заманда әділдік пен еркіндіктің туын ұстаса, Төле, Қазыбек, Әйтеке сияқты қара қылды қақ жаратын шешен билер, Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Бұқар сияқты жезтаңдай жыраулар ел намысын биікке көтеріп, Бөгенбай, Наурызбай, Қабанбай сияқты ержүрек батырлар да қажыр- қайратын қазақ халқының елдік мұратына сарқа жұмсады. Талай адамның жүрек жарасын тырнап өткен Ұлы Отан соғысы да есімізде. Жұдырықтай жүректері елім деп елжіреген талай батырлар жауға қарсы шықты.

Ерліктің қос шынарына айналған Әлия мен Мәншүк сынды қазақ қыздары, Бауыржан, Талғат, Мәлік, Баубек сияқты асыл азаматтар өшпес ерлік танытты. Өмірдің әр мезеті қымбат тұста жауға Отан үшін, ел үшін ұмтылды. Ұлы Отан соғысы біздің елімізге түскен ауыртпалық болды. Осы сыннан да халқымыз мүдірмей өтті.

«Мың өліп, мың тірілген» қазақ халқы тағы да басынан қиын кезді өткізді. Біздің еліміздің ұлттық ерекшеліктері ескерілмей, құқықтары аяққа басылды. Қазақтарға өз тілін, дінін ұмытып, мәңгірттену қаупі төнді. Экономикалық жағынан да еліміз өз байлығына өзіне бола алмады. Осы тұста елді еңіреткен азалы күндер жігерлі жастардың жүрегін қайнаған ашуға, кеккетолтырды. Бұл 1986 жылғы «Желтоқсан қозғалысы» еді.

Желтоқсанда шындық жырын шырқаймын деп шарқ ұрдың,
Желтоқсанда егеменді ел болсақ деп талпындың.
Кеудемде әлі сызы жатыр, сол кездегі салқынның,
Айналайын жас қайраты, жас өркені халқымның,

- деп Мұхтар Шаханов ағамыз жырлағандай, Орталық Үкіметтің езгісіне шыдамаған қазақ жастары ереуілге шығып, қазақ елі басшысының қазақ азаматы болуын талап етті. Дүниені дүр сілкіндірген, тәуелсіздік туын ең алғаш көтерген әйгілі «Желтоқсан оқиғасы» мыңдаған қазақ жастарының өмірін қиған еді. Алаңға шыққан қазақ жастары аяусыз қанға бөктерілді. «Жастық шақ маған бір- ақ рет беріледі емес пе? Біз, жастар, өмір сүруге асығатын едік, жастық шағымыз мағыналы болсын деуші едік қой?! Міне, сол қымбат шағымызды жауларымыз тонап алғысы келді, балдырғанды бақшаға өрт салғысы келді. Мен соған кектенемін» - деп жастарымыз алаңға шықты. Алайда алаңға шыққан жастарымызды қақаған аязда аямай қинады, көптеген жастарымыз қыршыннан қиылды. Тек төрт - бес жыл өткен соң ғана арнайы комиссия құрылып, «Желтоқсан оқиғасы» жан - жақты тексеріліп, қазақ жастары ақталды.

Өсер елдің қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,
Лаула, лаула желтоқсанның мұзға жаққан алауы.
Өздеріндей өр намысты, жас өркені бар елдің,

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Ешқашанда еңкеюге тиісті емес жалауы!

- деген Мұхтар ағамыздың өлең шумақтары тағы да есімізге түседі.

Осыдан кейін- ақ Кеңес өкіметі ыдырап, 1991 жылы 16-желтоқсанда Қазақстан Тәуелсіз республика болып жарияланды. Бұл күн егеменді еліміздің туған күні деп алтын әріптермен жазылды. Міне, қазақ халқы бабаларымыз армандаған тәуелсіздігіне, азаттығына осындай қиянат, азаптарды басынан өткеріп жетті. Азаттық жолында қазақ халқы қансырады, бірақ қаза болған жоқ, есенгіреді, бірақ есінен айырылған жоқ, сүрінді, бірақ құлаған жоқ. Тәуелсіздік бүкілхалықтық мереке, әсіресе қазақтар үшін теңдесі жоқ, аса маңызды тарихи оқиға еді. Біздің халқымыз өзінің ғасырлық аясында қалыптасқан көпшіл, өзге ұлттың мәдениеті мен салт-дәстүріне құрметпен қарай алатын кең пейіл қасиетімен дараланатын халық.

Бүгін де Қазақстан бүкіл әлем мақтанышпен айта алатын мемлекетке айналды. Осы уақыт аясында дербес кеңістік қалыптасып үлгерді, нарықтық қатынас орнығып, әлемдік қауымдастық та бел ала бастады. Тәуелсіз Қазақстанымыздың Ата заңы, мемлекеттік рәміздері, ұлттық теңгесі, ең бастысы-егемендігі бар. Еліміздің болашағын дамытып, ынтымақ пен бірлікті орнатып отырған президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев та тәуелсіздік жолында көптеген істер атқарды. Зор мақтанышпен айта алатын еліміздің бас қаласы Астана да күннен күнге гүлденуде. Оған куә алып Бәйтерегіміз, Тәуелсіздік сарайы, салынып жатқан көрме ЭКСПО-2017. Тәуелсіздік қазақстандықтар үшін ізденіс пен ұмтылыс, сенім мен жарасым әкелді. Ендігі жерде тәуелсіздік алып, өз билігіміз өз қолымызға тиген тұста әлемдегі 30 озық елдің қатарынан көрінуге деген ұмтылыс сол байырғы бабалардың арман-аңсарының іс жүзіндегі көрінісі болмақшы. Бұл жөнінде Мемлекет басшысының өзі де: "Елдік мұрат жолындағы ұлы ерлік әрқашан аталарымыздың бойынан табылған. Бабаларымыз тірі болу үшін бір болса, біз әрдайым ірі болу үшін бір болуымыз керек" деген-ді. Бабаларымыздың тірі қалуы үшін жанталасы, сөз жоқ, ұрпағының ірі болуына үлкен міндет пен жауапкершілік жүктейтіні тағы сөзсіз. "Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол-тәуелсіз Қазақстан. Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді "Мәңгілік Ел" етуді мұрат қылдық. "Қазақстан-2050" Стратегиясы осынау мәңгілік жолдағы буындар бірлігінің, ұрпақтар сабақтастығының көрінісі. Тәуелсіз елді өз қолымен құрған буыннан басталған ұлы істерді кейінгі ұрпақтың лайықты жалғастыратынына кәміл сенемін. Иә, сан ғасырлық қайғы-қасіретке толы тарихында, қазақ халқы тағдырдың талай тәлкегіне түсіп, көптеген оқиғаны басынан өткерді. Сол тар жол, тайғақ кешуде арып ашса да, қажып қансыраса да ешқашан өзінің қадір-қасиетін жоғалтпай, ар-намысын, абыройын төкпей бүгінгі Тәуелсіздікке қол жеткізді. Биыл егеменді елімізге - 25 жыл. Ендеше, Тәуелсіздігіміз мәңгілік болғай!

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Жанболатұлы Айдос

11 сынып лицейі,
«Арыстан» мамандандырылған лицейі
«Нұрсұлтан Назарбаевтың Білім беру қоры»
Қоғамдық қорының филиалы
Жетекшісі: Салимова Несіпкүл Төлегенқызы

Айналайын, атажұртым

...Уақыт қарқыны зымыран. Күні кеше өткен сияқты уақиғалар бүгінде тарих беттеріне айналып та үлгірді. Бұл жаңа мемлекет пен жаңа қоғамның дүниеге келуінің азапты толғаққа толы, сонымен бірге ғаламат сәті еді. Сол сәт әлі аяқталған жоқ, бірақ ең қиын белестерден аса білдік. Ең қиын жылдар дәл қазір артымызда қалды, сондықтан да мен еліміздің еңсесі биіктей беретініне сенемін.
Н.Назарбаев

Отан... Атамекен... Атажұрт... Тарих... Бұл қай құлаққа да асқақ естілер асыл ұғымдар. Адам өмірге келіп, ес жиып, етек жия бастаған сәттен өз Отанының тарихына ден қоя бастайды...

Адам, адам болып жаралғаннан бері ұлан – асыр даму көшінің өн бойында жер үшін, ел үшін сан қилы дүрбелеңдер көп болған. Әдетте, осындай дүрбелеңдерден, яғни үлкен аумақтарды қамтыған қанқұйлы соғыстардан соң ғана, әлем картасы аталатын ала қағаз бетіне түзетулер түсетін. Ал ХХ ғасырдың соңында әлем келбеті ешқандай дүрбелеңдерсіз – ақ өзгеріп шыға келді. Оған жер жаһанның алтыдан бір бөлігіне иелік етіп, қаһарымен алыс – жақын жұрттардың бәрін ықтырып келген алып империяның ың – шыңсыз ыдырай бастауы себеп болды. Ыдыраған империяның орнына он бес тәуелсіз мемлекет өсіп шықты. Солардың бірі – Орталық Еуразия алабындағы ғажайып әрі қайталанбас тарихы бар – Қазақстан Республикасы еді.

Қазақстан – қазақ халқының ата – баба мекені, ежелгі қонысы. Бұл жерде ата – бабамыз туды, өмір сүрді, оның топырағында ата – бабамыздың кіндігі кесілген...

Қазақстан картасы – қазына картасы. Даласы дархан, топырағы қасиетті, қойнауы қазыналы. Қазынаның барлығы да қазақ жерінің топырағында тұнып жатқанын екінің бірі айтпай – ақ біледі...

Ғылым адамзатқа қанат бітірді, ғаламат істерге бастады, ғажайып жаңалықтар ашты. Соның куәсі – адам көкзеңгір ғарышқа қадам басты, айға қонды, жұмыр жерді аялай айналып ұшты.

Ал, ғарышқа жол – Байқоңырдан от алғанын мақтан етпейтін кім бар?

Ғарышқа қадам жасаған елдер қатарында еліміздің де еңсесі биік, жалауы жоғары. Ғарышта елдің намысын мәртебелеп, мерейін асырған

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаев – егеменді елдің ғарышкерлері.

Қазақ елінің есімі аңызға айналып, дастандарға арқау болған батыр ұл – қыздары толып жатыр. Олар – атамекенін, туған елін жан аямай қорғап, ата – бабаларының ерлік дәстүрін сақтау арқылы өшпес даңқын шығарғандар.

Қазақ – батыр халық, ержүрек халық, намысшыл халық.

XX ғасырдың сүргінін бастан кешіп, жаңа мыңжылдықтың табалдырығын жаңғырған қалпында аттаған Қазақстан өзінің барша төлтума болмысын, жарқын да бай мәдениетін, ғасырлар қойнауында қалыптасқан салт – дәстүрін, қызық та қилы - қилы тарихын әлем халықтарының алдына жайып салып, жаңа өмірді жаңғырту үшін, еңбек пен мәдениетті жарастыру үшін жаңаша өмірге қадам басты.

Бүгінгі Қазақстан – бүкіләлемдік мәселелерді талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқаратын ел.

Тәуелсіздік алғанымыздан бері, міне, 25 жыл өтеді. Біз биыл Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық мерейтойын атап өтпекшіміз. Осы жиырма бес жыл ішінде қазқ халқының ұлттық санасы жаңғырып, өзін – өзі тану, өзінің бай ежелден қалыптасқан тарихы мен ұлттық дәстүрлерін құрметтеу, ұлы тұлғаларын бүкіл дүниеге таныту, бай рухани қазынасын әлемдік өркениетпен ұластыру бағытында қыруар шаруалар атқарылды. Осы жетістіктеріміздің бәрі – Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ел басқара білу өнерінің жемісі.

Сол жетістіктердің бірін айтсақ, бұл – біздің шаңырағымыз, білім ордасы – «Арыстан» мамандандырылған лицейі. Мен, өз басым, осы лицейдің шәкірті болып, білімімді шыңдап жатқанымға қуаныштымын.

Болашақта әскери мамандықты таңдап, өз Отанымның абыройлы, беделді ұлы болып, елімнің , жерімнің өркендеуіне бар күшімді салуға аянбаймын.

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Жексаналы Асем

9 сынып оқушысы

Ә.Бейсеуов атындағы орта мектеп

Жамбыл ауданы, Алматы облысы.

Жетекшісі: Якубова А.П.

Ел Тәуелсіздігіне – 25 жыл

Тәуелсіздік – ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні – ең қастерлі күн. Еліміз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет ретінде әлемге танылды. Елбасының «Қазақстанның тәуелсіздігі қазақтарға тартқан тағдырдың сыйы емес, өзінің ежелгі жерінде қилы кезеңді бастап кешу арқылы қол жеткен өз мемлекеттілігін құруға деген заңды құқығы бұл даусыз және саяси фактіге ешкім күмән келтірмеуі тиіс», - деп атап көрсетуінде үлкен мағына жатыр.

Менің туған жерім – Қазақстан Республикасы. Бұл – бай тарихпен, көне мәдениетпен және ерекше табиғатпен ұлы мемлекет. Осы тамаша табиғат-ай! Бурабайдың қатты қарағайлары, тың жердің алтын егіндері, Ұлы даланың ақшыл бетегесі – барлық менің Қазақстаным. Менің Қазақстаным - ел ыстық қалаулы сонымен аяулы, маңызды, асыл. Ғасырлар көп оның жауларынан қоныстандырып, меңгеріп, қорғал қалылу және бүгін өміршең бізге мұраға тапсырылу үшін бабаларымыздарға керек болды. Еңбек, тер және қандар, қуаныш және бейнеттер неше өткен ұрпақтар үлесіне тиді. Жоңғарлармен соғыстар, патшалықтың қиын кезеңі, Ұлы Отан соғысы – қазақ халқы көп қайғыларды көзі көрді.

Осы жылдар ішінде елімізде қыруар істер атқарылды. Атап айтсақ тарихи жеріміздің шекарасы халықаралық шарттарға сай бекітілді. Мемлекеттік рәміздеріміз, Ата заңымыз, ұлттық валютамыз және Сарыарқаның кең жазық даласында барша елдің өзінің тез көркейіп өсуімен таң қалдырып, жаңа Астанамыз дүниеге келді. Әлемдік қауымдастық алдында «Қазақстан Республикасы» деген асқақ рухты елдің екенін мойындаттық. Ел экономикасы да жылдан-жылға нығайып, мәдени, рухани даму деңгейі белеске көтерілуде. Өзіне тәң барлық институттары бар, әлемдік қауымдастықтың ықпалды мүшесі болып табылатын тәуелсіз мемлекет құрылды.

Жыл сайынғы ел Президенттің халыққа арналған Жолдаулары мен қабылданған мемлекеттік бағдарламалар, стратегиялық бағыттардың барлығы да қарапайым халықтың тұрмысын жақсартып, тәуелсіздігімізді нығайтуға бағытталды. Елбасы өз Жолдауында ішкі саяси мен ұлттық қауіпсіздіктің 2020 жылға дейінгі негізгі мақсаттары қоғамда келісім мен тұрақтылықты сақтау, ел қауіпсіздігін нығайту екенін атап өтті. Саяси жүйені жетілдіруде құқықтық

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

реформаның маңызды рөл атқарылатының, құқық қорғау жүйесін реформалау бойынша құқық қорғау органдары функцияларындағы орын алған жағымсыз факт олардан, сондай-ақ құқық қорғау жүйесі қызметіндегі мөлдірлік пен бақылаудың жоқтығынан туындаған проблемалардан арылудың қажеттігін атап көрсетті.

Қазақ елі бір тудың астына жиылып, біртұтас ел болуды армандаған қазақ елінің ұлы ұлдары Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқай, Халел Досмұхамедов, Әлейхан Бөкейхановтар және тағы басқалар бар еді. Олар қазақ елінің тәуелсіздігі үшін өмірлерін қиды. Алаш ұлдарының арман тілегі аспай қалғанымен, ұлттық сананы оятуда қазақ тарихында рухани түрткі болды. Олар қазақ елінің болуы мен өркениеті ел қатарына қосылуын қалады. Қазақ халқы не көрмеді? Өткен ғасырдың басында саны 1,5 млн-дай Қытай, Ауғанстан, Түркия шекара асты. 1928-1955 жылдары зиялылар репрессияға ұшырады. Қазақстың саны үш есеге дейін кеміп, 1 млн-ға дейін азайды. Одан қалды Ұлы Отан Соғысы жылдары 700 мыңдайы өз еліне оралмады.

Адамзаттың жылдар бойы даму тарихында жер үшін, тәуелсіздік болған қантөгіс соғыстар көп болды. Соның нәтижесінде талай мемлекеттің аумағында әлем картасына түзетулер енгені белгілі. ХХ ғасырдың соңында әлем картасы тағыда өзгеріске түсті. Оған алып империя КСРО-ның күйреуі себеп болы, осы қираған жұртта тәуелсіз жаңа 15 мемлекет орнады. Солардың бірі Еуразия құрлығының орталығында орналасқан Қазақстан Республикасы Қазақстан компартиясының орталық комитетінің V пленумында соншама қысқа, бар болғаны 18 минуттың ішінде Д.А. Қонаевты орнынан алу мәселесі шешіліп, оның орнына бұрын-соңды Қазақстанда қызмет атқармаған және республика тұрғындарының көпшілігіне беймәлім Г.В. Колбин сайланды. Орталықтың бұндай басшылығын қазақ халқы 1927-1937 жылдары елбасына бұратана елдің адамын басшылыққа алып келсе қалай болатының және қандай күйді басымыздан өткізіп, барымыздан айырылғанымыз ұмытылмаған еді. 1986 жылы 16 желтоқсан күні алматыда жаппай толқу басталып, кейінірек республиканың басқа да қалаларын қамтыды. 1986 жылы 16 желтоқсандағы тәуелсіздік үшін өздерінің жас өмірлерін «Еркек тоқты құрбандық» деп қиған Қайрат ұлдарын, Ләззат сынды қыздарын, қаншама жазықсыз жапа шегіп, өмірлерін қиған ұл-қыздарын сот жылдарды құрбан болған жастарды жиі еске алып, арамызда жүргендерге, рахмет десек артық болмас еді.

Бұрынғы өткен заманда бабамыз Абылай армандаған қазақтың сарыарқадай сайын даласының Есіл жағасына ел қондырсам деп еді, елімді – жерімді біртұтас жүз жүзге бөлінбейтін мемлекетке айналдырсам деген арманай, еліміздің Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жүз жүзге бөліндірмек тұрмақ, 130-дан астам ұлтты ұйыған айрандай бірлікпен жүзеге асырып, мемлекетімізді бейбітшілікте басқарып отыр.

Біз білсек қазір қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заманда өмір сүріп жатырмыз. Бұл кез келген мемлекеттің жете бермейтін жетістігі.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Бұл - «Мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының сан ғасырлық аңсаулы асыл арманы еді. Тәуелсіздіктің құнын ұмытпайық.

Тәуелсіздік - ең басты құндылығымыз. Тәуелсіздікке қантөгіссіз, бейбіт түрде қол жеткізгеннен кейін ғана елімізді әлемнің өркенниетті мемлекеттерінің қатарына қоса алдық. 20жыл ішінде тәуелсіз Қазақ елін қалыптастырып, нарықтың қиын өткелектерінен аман өткізіп келеміз. Осы кезеңде Қазақстанды дүние дидарындағы ең мықты мемлекеттер танитындай, сыйлайтындай деңгейге жеткізген тұңғыш Нұрсұлтан Назарбаевтай көрген саясаткердің ерін еңбегін дәл бүгін және арқшанда айтып өтеміз.

Тәуелсіздік күні еліміздің барлық азаматтары үшін орны ерекше мереке деп білеміз, себебі, осынау жүрекжарды қуанышқа толы күнді ата-бабаларымыз ғасырлар бойы армандады, күтумен өтті.

Еліміздің дербес мемлекет ретінде даму азаматтарымыздың саяси, әлументтік құқығын жан-жақты қамтамасыз еткенін ерекше атап өтуге тиіспіз. Тоталитарлық жүйедегідей бүгінде ешкімде көзқарасы немесе, позициясы үшін қуғын-сүргінге ұшырату жоқ. Қазіргі таңда еліміздің кез келген азаматы заңның аясында еркін қызмет ете алады. Сонымен қатар, өз ой-пікірін, ұсыныстарын білдіруге құқылы. Себебі, еліміздің конституциясы бойынша цензураға тыйым салынған, сөз бостандығына кепілдік берілген. Тәуелсіздігіміздің ең бір маңызды бөлігінің өзі осы деп білемін.

Сөз бостандығы азаматтарға ерекше міндет пен жауапкершілік жүктеумен қатар заңмен үйлестірілген белгілі шектеулерді де алға тартады. Мұның мәні өзгенің құқығын, атақ-абройын, бет-беделін құрметтеу, елдің қауіпсіздігін, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, халықтың денсаулығы мен имандылық үрдістерін қорғауда жатыр. Сонымен қатар, оның жауапкершілік, ақиқат кәсіби этика, моральдық құндылықтар сынды ұғымдар аясында қарастырылатындығы белгілі.

Азаматтардың әлументтік тегіне, ұлтына, діни сеніміне қарай кемсітуге, өзара жауластыруға немесе қайсы бірінің артықшылығын насихаттауға, үгітуге сөз бостандығы жол бермейді. Біздің баспасөзде ондай заңсыздықтар жоқ.

Міне, елімізде жыл сайын 16 –шы желтоқсанда 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына қатысқан, тоталитарлық режимге қарсы тұрған демократия орнатушы күштердің күні ретінде аталып өтуде. Желтоқсан оқиғасы Кеңес одағының іргетасын шайқалтып, ерекше бір өзгеріске серпіндік жасады. Яғни қалғып қалың ұйқыға кетіп бара жатқан халықты оятқандай болды. Сол күндерде еліміздің бірқатар жоғарыоқу орындарының басшылар, оқытушылары, мен студенттер, жұмысшылар құрлысшылар әртүрлі қудалауға ұшырап, жазықсыз жала жабылды. Желтоқсандағы жастардың наразылығы-саяси көзқарас деп айтуға келмейді. Бірақ, Орталықтың басшыларына білдірген қарсылық және де тоталитаризмге қарсы үн қату болып табылады. Осы бір желтоқсанның ызғарлы желі талай халықтың санасы мен намысын

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

оятты, қазақ халқы ғасырлар бойы күресіп келе жатқан тәуелсіздікке жол ашты деп айтуға болады. Уақыт деген зымырап өтіп барады. Желтоқсан оқиғасына қатысқандар үшін бұл күн әлі олардың есінде, күні кеше ғана болған оқиға. Осы қуанышты күнге жету үшін талай қиындықтарды бастан кешірдік. Ата-бабамыз армандап кеткен тәуелсіздігіміздің құнын ұмытпайық. Тәуелсіздік жолында құрбан болған бабаларымен қыршын жастар рухы әрдайым қолдап жүрсін демекпін.

Қазіргі Қазақстан – егемен, демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Әрине, бізге қайда ұмтылу бар. Ғылымды даму, ауылдарды демесу, жемқорлықты жою керек. Бірақ барлық Қазақстан жетістіктері алда болады. Мен сенемін. Біздің елбасымыз – Н.Ә.Назарбаев, дана адам, шебер саясатшы, нағыз отаншыл. Ол – Ата Заңның тірегі. Біздің Ата Заңымыз – негізгі тәуелсіздіктің нышандарының бірі. Қазақстанда өз мемлекеттік рәміздері бар. Олар: ту, елтаңба, әнұран. Олар егемендікті, бостандықты, дәстүрлерді, тәуелсіздікті көрсетеді. Тәуелсіздік – бұл бүгінгі өмір ғана емес, сонымен қатар, ертеңгі өміріміз - Қазақстанның болашағы, оның мүмкіндіктері мен мақсаттары. Тәуелсіз болу – өз тағдырына жауап беру деген сөз. Ақыр соңында, әр Қазақстан Республикасының азаматы не істеу керек? Ол мемлекеттік тілін білу, барлық халықтардың дәстүрлерін құрметтеу, өз Отанды қорғау керек. Себебі Қазақстан – біздің ортақ үйіміз, біздің Отанымыз.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Закирова Амина
4 сынып, №4 орта мектеп Қапшағай қ.
Алматы облысы
Жетекші: Закиряева Ляззат Ашимхановна

Тәуелсіз елім – тұғырың сенің биікте

Қазақстан, Қазақстан алтын күн
Жанымызды жарылқайтын жарқын күн.
Аталдың сен барлық әлем тілінде,
Атымен қазақ деген халқыңның

«Қазақстан» деген сөз құдыретті және қасиетті. Бұл жерде туып-өскен адамдардың сергек сезінуі парыз. Бұл сөз біздің қанымыз бен жанымыздың ажырамас бір құрамды бөлігі. Қазақ жері – ата-бабаларымыздың қалдырып кеткен баға жетпес байлық. Жаңа Тәуелсіздік заманда қазақ халқы өзі тарихын жазуға мүмкіндік алды.

Әрине, тәуелсіздік оңайлықпен бізге келген жоқ. Қазақ халқының қаншама батыл батырларының көмегімен ғана біз Тәуелсіздігімізді алдық. Олар өз өмірлерін қиып, «Қазақ елі жеңсін» деген жеістікпен шайқасты. Мен ата-бабаларымыздың ерен күшіне, мықты батылдығына таң қалдым. Аталарымыздың сол қасиеті елге - мұра, ұрпаққа - ұран болып келе жатыр.

Желтоқсан оқиғасы біздің жадымызда. Біз оны көрмегенмен, ата-әжелеріміздің айтқанынан білеміз. Қайрат, Ляззат сияқты аға-апаларымыздың атын атамай кетпеуге болмайды.

Қайрат ағамыздың «Мен қазақпын» деген өлең әрбір адамның жанына күш-қуат сезімін оятады.

Әрбір жылдың Желтоқсан айының он алтысында Тәуелсіздікке байланысты мерекелер, ашық сабақтар өткізіледі. Сондықтан да, аға-апаларымыздың ерліктерін ардақтап, лайықты құрмет көрсету – біздің перзенттік парымыз деп білемін.

Жиырма бес жыл!
Тәуелсіздік елімізге
Бақыт құсы самғап ұшты көгімде
Қазақ деген ғажап халық қашаннан,
Көк бөрінің ұрпағымыз тегінде.

Менің елім – Қазақстан! Осынау құдыретті сөзді біздің елдің әрбір азаматы асқақ сезіммен, ерекше мақтанышпен айта алары хақ.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Кеңес Алсу

9 а сынып оқушысы

**Әсет Бейсеуов атындағы орта мектеп
мектепке дейінгі шағын орталығымен КММ**

Жамбыл ауданы, Алматы облысы

Жетекшісі: Якубова А.П.

«Тәуелсіз Қазақстан!», «Қазақстан Республикасы!» Неткен керемет, киелі ұғымдар! Бұл ұғымдардан, Отанымыздың тәуелсіз, еркін мемлекет екенін бірден аңғаруға болады. Бүгінде біз қанатын көкке жайған егеменді елміз. Көк туымыз желбіреп, сол жағымыздағы мақтаныш сезімімен дүрсілдеп тұрған жүрек әнұранымызға әуен қосып, әнұранымыз асқақтай шырқалуда... Ата-бабаларымыз сан ғасыр армандаған Тәуелсіздіктің 25 жылдығы еліміздегі іргелі істермен айшықталып, сәт сайын жақындап келеді.

Тоғыз жолдың торабындағы алпауыт елдер қатарындағы алып мемлекетімізді әлем жұртшылығы құрметтейді. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев та Қазақстанның 20 жылда биік тұғырға көтерілуіне үлкен үлес қосты. Ерен еңбегімен Қазақстанның әр азаматының жүрегінен орын алған осындай көшбасшымыздың болғанына да мақтанамын. Мен тәуелсіз елдің патриотымын!

Ешқандай қиыншылық көрмей жүргенімде, ата-анамның жүздерінен қуаныш пен шаттық іздерін байқағанда, көкірегімді керіп «Тәуелсіз елдің патриотымын!» деп айта бергім келеді. Еліміздің бейбітшілігінің, тәуелсіздігінің арқасында күліп-ойнап, еркін білім алып жатқан ерікті елдің еркін ұландарының бірімін!

Н. Ә. Назарбаев: «Алдымызда асу-асу белдер бар, ұлт жолында ұйтқи соққан желдер бар. Бел де талар, жел де беттен қағар. Бәріне төзу керек, бәріне көну керек, жас ұрпақ!» - деп айтқандай, біздер, жас ұрпақ тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін жауапты екенімізді, аға ұрпақ зор сенім артып отырғанын түсінуіміз керек. Бүгінгі партада отырған оқушы – ертеңгі азамат, ел патриоты. Сол азаматардың ең бірінші міндеті – өзінің тәуелсіз елдің өркені екенін ұмытпау, екінші міндеті – сол елдің іргетасының берік болуына үлес қосу, тәуелсіз елдің патриоты екенін дәлелдеу.

Жылдар бойы, көптеген жетістіктерге жетіп, қазақ елін көркейтіп, дүние жүзіне таныта білдік. Бұл үлкен – жетістік. Әрине, бұның бәрі елбасымыз Нұрсұлтан атамның арқасында. Әрине, бұл күн бізге оңайшылықпен келген жоқ. Осы азат күн үшін ата-бабамыз, әпке-ағамыздың қаншама көз жастары төгілді, көптеген қан төгілді. Бұл бостандықты халқымыз бұрыннан тілеген.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Сонау «Кіші Қазан» төңкерісі, Қабанбай, Бөгенбай, Исатай мен Махамбет көтерілістері, осы азат күн үшін күрескен. Осы көтерілістерден кейін енді ғана есімізді жиып келе жатқанда, Ресей бодандығына кірдік. Одан көрмеген азаптарымыз қалды ма? Тіптен тіліміз бен дініміз жойылып кете жаздады. Қаншама халық аштықтан қырылды. Дәл осы кезде Германия Ұлы Отан соғысын ашты. Бар жиған-тергенін, азық-түлігін халқымыз майданда жүргендерге берді. Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталғаннан кейін, қанша Ресей бодандығында болсақ та, есімізді жиып, 1986 жылы Атыраудан Алтайға, Сарыарқадан Алатауға дейінгі байтақ жерімізге Желтоқсанның дауылы үдей түсіп, дүрбелең жайлады. Қазақтың көптеген азаматтарының мойнына қыл шылбыр салынды. Әділдік үшін бой көтерген жас боздақтардың маңдайы тасқа соғылды. Желтоқсан оқиғасына қатысып, жауапқа тартылғандар қатарында Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Сабира Мұхаметжанова, Ербол Сыпатаев бар. Осы әпке-ағаларымыздың арқасында 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Тәуелсіз күні болып жарияланды. Осы жылы 1 желтоқсан күні Президентіміз сайланды.

Осыдан 25 жыл бұрын егемендігіміз жарияланды. Ата-бабаларымыз сан ғасырлар бойы армандаған арманға қол жеткіздік. Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін, қазақ халқының басын біріктіріп, ел қылуына Елбасымыздың үлесі зор.

Тәуелсіздік! Осы бір қасиетті сөзді естігенде қалайша тебіренбейсің! Бодандықтың бұғауынан, қыспағынан құтылған қазақ халқы еркіндік, азаттық ауасымен тыныстауда. Қанымызда бар ұлттық қасиеттеріміз қалпына келуде. Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз. Тәуелсіздік, ең алдымен, қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ арманы мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін тәуелсіздік күші – ең қадірлі күш. Еліміз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет ретінде әлемге танылды. Бүгін Қазақстан әлем назарында, өзінің болашағынан үлкен үміт күттіретін, жері, халқы бай ел.

Міне, бүгінгі күнде еліміз бақытты күн кешуде. «Отан үшін Отқа түс күймейсің» дегендей, Отан үшін өмірін қиғандардың есімдері, әрқашан халықтың жүрегінде сақталады. Мен Отанымды жақсы көремін. Мұқағали атамыз айтқандай Отан – біздің бақытымыз. Біз Отанның болашағымыз. Елімізді әрі қарай көркейтетін мына бізбіз!

Баяғыда бір ойшыл: «Саясаткер – сайлау мен сайлаудың арасында ғана көзге көрінетін белсенді. Ал, шын мемлекет қайраткерінің тағдыры халқының тағдырымен байланысты. Оның мұраты – халқының бігіні мен ертеңі» деген екен. Елбасының тәуелсіздік туын қолға ұстағалы бері әлем алдындағы

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

көрсетіп келе жатқан ұлан-ғайыр қажыр-қайраты осының дәлелі. Қазіргі кезеңде жер жүзіндегі 200-ге тарта мемлекеттерді ішінде Қазақстан әлем таныған алдыңғы қатарлы елдердің бел ортасында келеді. Дүние жүзілік бірқатар ықпалды ұйымдарға мүше болып, мемлекетіміздің мерейін асырып, іргесінің нығая түсуіне Елбасымыздың ат үстінде жүріп, ел үшін еткен еңбегі ұшан-теңіз.

1997 жылы Елорда Ақмола қаласына көшірілді. 1998 жылы «Астана» деген ат берілді. Стамбулда өткен түркітілдес халықтар Саммитінде Астана 2012 жылғы Түркі әлемінің астанасы деп жарияланды.

Осы шақта бізде ойымыз толып, бойымыз өсіп, санамыз жетіліп, мектепті бітіргелі отырмыз. Сыныптың, мектептің қоғамдық жұмыстарына белсене қатысамыз. Бос уақытымызда спортпен шұғылданамыз. Сабақты жақсы оқимыз.

Біз 30 жыл өткеннен кейінгі Қазақстанды қалай елестететін болсақ: Біздің жас мемлекетіміз өсіп-өніп, кемелденеді, балаларымыз ер жетеді. Олар жауапты да жігерлі, білім өресі биік, денсаулығы мықты болады. Олар бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады.

Олар бейбіт, жылдам өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады, түрлі мамандықтарды игереді. Олардың Қазақстаны Евразияның орталығы болады. 2030 жылы Қазақстан ауасы таза, мөлдір сулы, жасыл желекті елге айналады. Өздерін Қазақстанның азаматы деп санайтын көптеген ұлттардың өкілдері мекендейтін болады. Әрине, бұл – болашақты ой көзімен көру, оның моделі, асқақ мұрат, армандар.

Тәуелсіздік, көк тудың желбірегенін көріп, кең тыныстайтын барлық жастар үшін тым қымбат. Қыран бүркіт асқар таудың шыңынан кең далаға қарай қанат қағып, қалықтап ұшқанда өзін қалай еркін сезінсе, бүгінгі егеменді елді жастары да өздерін сондай еркін, асқақ сезінеді.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Күмісбекова Уазифа
Алматы облысы,
Ескелді ауданы, Қоңыр ауылы
Қоңыр орта мектебінің 11- сынып оқушысы

Тәуелсіздікке 25жыл

«Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!»

Талай-талай қас батырлар жанын қыйып, қорғап қалған, талай арулардың махаббаты құрбан болған, талай өзегі өртенген өкінішті жандар мен қуаныштан жүрегі жарыла шаттанған пенделердің куәгері болған қасиетті Отанымыз - Қазақстан.

Қазақстан – тәуелсіз ел. Сол тәуелсіздік жолында қазақ бабам не көрмеді десеңізші?! Еліміздің басына азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті. Әсіресе, ХХ ғасыр қазақ халқы үшін ауыр тиіп, қайғыға толы кезеңмен есте қалды. «Өткенімізді ұмытсақ, болашақ бізді кешірмейді» деген ұлы даналық сөз бар емес пе? Осы даналықтың әрдайым жадымызда сақталғанын қалаймын.

Тәуелсіздік- ұлттық тілдің , дәстүрдің, салт-сананың мызғымас тірегі, күші, алтын діңгегі, халықтың бақ жұлдызы. Тәуелсіздік- арман! Жер бетінде қанша ұлт болса, сонша арман бар. Сол арманға біздің қазақ халқы жетті.

1991 жыл - еліміздің Қазақстан деген атпен бүкіл әлемге алғаш қадам басқан жылы. Сол сәттен бері міне 25 жыл өте шықты. Қазіргі Қазақстан әлем сахнасында мақтанарлықтай беделге ие. Жас мемлекетіміз осындай аз ғана уақыттың ішінде көптеген эканомикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізді. Қазіргі таңда Қазақстан жас мемлекет бола тұра, көптеген мемлекеттен әлде қайда алда. Еліміздің аяғынан нық тұруы, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және экономикамыздың жедел қарқынмен дамуы қазіргі таңда негізгі стратегиялық бағыттар. Бүгінгі Қазақстан – тек өзі орналасқан аймақта ғана емес, бүкіл әлемдік проблемаларды талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқаратын ел. Қазақстан үшін, қазақ халқы үшін тәуелсіздік аспаннан түскен сый емес еді. Халқымыз бостандықты аңсап, Тәуелсіздікке зарыға жетті. Тәуелсіздік деген ұлы жеңіске қол жеткізуде санамызда жаңғырып тұрған кешегі Желтоқсанның ызғарыда кете қойған жоқ. Студент жастардың көшеге шыққан үндеуі және егемендік үшін зардап шегуге дайын екендігін көрсете білуі, барша халыққа сенім мен жігер берген болатын.

Қазіргі таңда Тәуелсіздік – барлығымыз үшін ерекше қасиетті күн. Бірлік, ынтымақтастық пен татулықтың күші. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі-ең

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

алдымен халқымыздың бақыты. Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бері мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығы, Президентіміздің жүргізіп отырған парассатты, көреген саясатының нәтижесі.

Қазақстан - қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Еліміз өлшеусіз табиғат байлығымен ғана емес, ең алдымен сан түрлі ұлттардан құралған халқымен ерекше екенін ұмытпағаны абзал. бүгінгі бейбіт те шуақты күндерді бағыттай отырып, жаңа биіктерге ұмтылу - біздің буынның бағыты болуы тиіс.

Бүгінгі партада отырған оқушы ертеңгі азамат ел патриоты. Өршіл ақын Мағжан Жұмабаев: «Мен жастарға сенемін» - деп өз үмітін артты емес пе? Ақынның өлеңінде келтірілген көркем сөздерге біз лайық бола аламыз! Елімнің ертеңінен, болашағынан жүрегім қорықпады, керісінше, қуанышпен қарсы алады. Ендеше, келешегім нұрлы болмақ. Мен қазақ болып туғаным, бай әрі байтақ өлкеде өмір сүріп жатқаным бақыттымын. Өйткені, мен тәуелсізбін, тәуелсіз елдің ұланымын!

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Мұхаметжан Нартбек

10 сынып лицейі

«Арыстан» мамандандырылған лицейі

«Нұрсұлтан Назарбаевтың Білім беру қоры»

Қоғамдық қорының филиалы

Жетекшісі: Умерджанова Ж.Т.

Гүлденген менің тәуелсіз, нұрлы Қазақстаным!

Біздің Тәуелсіздігімізге жиырма бес жыл толды, жирма бес жыл аз уақыт сияқты, бірақ Қазақстан сол аз уақыттың ішінде көп жетістіктерге қол жеткізді және көптеген жоспарларды іске асырды. Өз мемлекетімен, мемлекет қайраткерлерімен мақтана білу – ол әр қазақстандықтың міндеті, алайда біздің қазақстандықтардың ішінде ерекше бір тұлға бар ол – Елбасы. Біздің Елбасымыз өте мықты және қажырлы адам, ол Қазақстанды көтеру үшін көп жұмыс істеді, көп жоспар жасады, бәрін қазақстандықтар үшін тиімді жасауға күш салуда.

Н.Ә.Назарбаев – Қазақстанның алғашқы Президенті, президентік билікті қалыптастырған адам, ол Парламент басшысын сайлайды және және көптеген билікке ие. Біздің билік жүйеміз өзгерген, сана-сезіміміз де 25 жылда көп өзгерді.

Біздің Парламентіміз екіге бөлінеді: Жоғары палатасы (Сенат) және Төменге палата (Мәжіліс) деп аталады. Қазақстанда биліктің жаңа түрі қалыптасты.

Қазақстанды жиырма бес жылдың ішінде көп үйлер, көп ғимараттар салынады, адам айтса нанғысыз талай істер жүзеге асырылды.

Тарихи санамызға да көптеген өзгерістер енгізілді. Мысалы, біз Алашорданың ерлігін, көптеген жазушылардың еңбектерін жарыққа шығардық, ғалымдардың тамаша жұмыстары бүкіл әлемге танымал болды. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болу арқылы сыртқы саясатқа белсенді түрде араласып келеді. 1991 жыл тәуелсіздік алып, қазақ халқының қуанышында шек жоқ. Біз басқа мемлекеттер сияқты тәуелсіз, дамыған, өз валютасы, конституциясы, Президенті, Қарулы күштері, ел басқару күші бар қуатты мемлекетке айналдық.

Қазақстан тәуелсіздіктен алғаннан кейін қарқынды дамыды. Мысалы: 1993 жылы ұлттық валютамыз теңге пайда болды, 1995 жылы 30 тамызда Ата Заңымыз қайтадан қабылданды, Парламент және мемлекет басқару жоспары құрылды. Қазақстан мемлекетінің жерінің шекарасы айқындалды. Елімізді картадан, спорттық олимпиаалардан, халықаралық ғылыми жарыстардан орын алатын, әлемде бейбітшілікті қолдайтын және әлемде ядролық қарудан бастартқан мемлекет ретінде тани бастады. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың ел жағдайын жақсарту үшін қабылдаған “Қазақстан – Мәңгілік

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

ел”, ”Қазақстан-2030”, “Қазақстан-2050” стратегиялары жүзеге жүйелі түрде асырыла бастады. Біздің мемлекет ЕХРО-2017 халықаралық көрмесін және Алматы 2017 универсиада өткізу құқығына ие болды. Бір спорт чемпионы әлем бойынша бірнеше рет чемпиондық атағын сақтап қалып жатыр.

Еліміз үштілділік саясатын қолдап, барлық мектептерге ағылшын тілі сабақтары енгізіліп жатыр. Бұл – біздің болашағымыздың жарқын жолы.

Қазақстанда терең білім алуға көп көңіл бөлінеді. «Болашақ» бағдарламсы бойынша шетелде қазақстандық жастар мемлекет есебімен тегін білім алуда. Қазақстанның өзінде де белгілі бір бағыттағы оқу орындары ашылды. Соның бірі – «Арыстан».

«Арыстан» қазақстандық жасөспірімдерден әскери ер адамдарды тәрбиелеп, болашақ білімді, саналы, толерантты Отан қорғаушыларын әскери жоғары оқу орындарына жібереді. Әскери өнерді, әскери білімді тереңдетеді. Мен «Арыстанның» лицейстері атынан осындай дәулетті де сәулетті, барлық жағынан жабдықталған, жанға қолайлы мектеп-интернат ашқан «Нұрсұлтан Назарбаевтың Білім беру қоры» Қоғамдық қорына үлкен алғыс білдіремін. Бәсекелестік, тоқырау, нарықтық экономика заманында халық балаларына тегін қамқорлық жасау көп кәсіпкердің қолынан келмейді. Мұндай интернаттар көп болса, ер балалар дұрыс жолға түсіп, қазақстандық патриотизм жақсы жолмен дамиды. Болашақ – жастарда. Сол жастарға қазірден қамқорлық көрсетілсе, олар өз еңбектерімен қайтарады. Жақсылық ұмытылмайды.

Біз Қазақстанның болашағымыз және біз білеміз, біздің ата-бабаларымыз бізге сенгенін, тәуелсіздікті бізге аманат еткенін. Сол үшін біз өз қолымыздан келгенше жақсы азамат болуға, жақсы оқуға тырысамыз.

Мен тәуелсіз Қазақстанның азаматы болғанымды мақтан тұтамын. Менің ұлтым қазақ емес, бірақ мен қазақстандықпын. Өз мемлекетімді көркейту үшін барлық күш-жігерімді, біріншіден, білім алуға жұмсаймын, екіншіден, Отаныма адал қызмет етуге арнаймын. Себебі біздің Отанымыз ортақ. 130-дан астам ұлт өкілдері тұрса да, біздің татулығымыз әлемге үлгі боларлықтай. Қазірде үштілділік саясаты жүргізілуде. Бұл да біздің қазақстандықтардың пайдасы үшін, болашағы үшін істелініп жатқан шара. Қазір қиналғанмен, кейін қиналған жанымыз сыйланарына мен сенемін.

Мен тәуелсіз Қазақстанның енді осыдан ширек ғасырдан соң ең экономикасы дамыған, жасыл желекті, жастары білімді, үш тілді толық меңгерген, қарттары қазыналы, тәртібі мықты ел боларына сенемін!

Сұлтанмахмұт ақынша айтсам, тәуелсіз елдің болашақ тарланы мен боламын! Тәуелсіз елдің көгінде қыранша самғап, достық пен сенімнің күшін өзге мемлекеттерге дәлелдеймін! Жасасын, тәуелсіз елім!

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Нариманқызы Аяна
2 сынып, №4 орта мектеп Қапшағай қ.
Алматы облысы
Жетекші: Илесбаева Гульмира Абубакаровна

Ел тәуелсіздігіне 25жыл

Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз. Барша қазақстандықтар үшін Тәуелсіздіктің мәні де, маңызы да айрықша. Өйткені біз тәуелсіздіктің арқасында тарихымызды түгелдеп, тілімізді, дінімізді қайта оралттық. Мемлекетіміздің ұлттық салт-дәстүрімізді жандандырдық.

1991 жылы желтоқсанның 16-сында Қазақстан өз Тәуелсіздігін жариялады. Осылайша әлем картасында Тәуелсіз Қазақстан атты жаңа мемлекет пайда болды. Оның тұңғыш Президенті болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды.

Біздің ел басымыз – Н.Ә. Назарбаев дана адам, шебер саясатшы. Біздің Ата Заңымыз-негізгі Тәуелсіздіктің нышандарының бірі. Қазақстанда өз мемлекеттік рәміздері бар. Олар: ту, елтаңба, әнұран. Олар егемендікті, бостандықты, дәстүрлерді, тәуелсіздікті көрсетеді. Тәуелсіздік-бұл бүгінгі өмір ғана емес ол ертеңгі өміріміз-Қазақстанның болашағы, оның мүмкіндіктері мен мақсаттары. Тәуелсіз болу-өз тағдырына жауап беру деген сөз.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Салибай Акбота

6 сынып, №4 орта мектеп Қапшағай қ.

Алматы облысы

Жетекші: Мурзатаева Галия Касымовна

Тәуелсіз елім – тірегім!

«Тәуелсіздік - тарихтың мәңгіге берген еншісі емес,
халықтардың мамыражай өмір сүруіне берілген
кепілдік те емес: аңғал болмағанымыз абзал»

Нұрсұлтан Назарбаев

Менің туған жерім – Қазақстан Республикасы. Бұл – бай тарихпен, көне мәдениетпен және әдемі, ерекше табиғатпен толы ел. Көбі мемлекетіміздің әсем тауларына, көлдеріне таңқалады. Әсіресе біздің туған өлкеміз – Бурабайды, аңызға толы көркем жерді халық көріп кетуге армандайды.

Ғасырлар бойы қазақ хандары және батырлары жерімізді жаулардан қорғаған. Олар қанмен тер төгіп, аяулы еліміз үшін өз өмірлерін де берген. Жоңғарлардың шапқыншылықтары, Ұлы Отан соғысы қазақ халқы үшін өте қиын болды.

Қазақстанның әр азаматы 1991 жылғы 16 желтоқсан күнін есте сақтауға міндетті. Бұл күн Қазақстан Республикасы тәуелсіздік күніне айналды. Осы күнді ата-бабаларымыз ұзақ уақыт бойы күткен. Бірақ тәуелсіздік алу оңайға түскен жоқ. 1986 жылы 16 желтоқсан күні алматы жастары алаңға шықты. Үкімет оларды күшпен қуып таратты. Бұл оқиға бірнеше күнге созылды. Көптеген жастар аяусыз қырылды, ал қалғандары жазаға тартылды, 246 студент оқу орнындарынан шығарылды. Бұл оқиға тәуелсіздік алу жолының бірінші қадамы еді.

Қазіргі Қазақстан – егемен, демократиялық және дамыған мемлекет. Әрине, бізге әлі алға ұмтылу, ғылымды дамыту және жемқорлықты жою керек. Біраз жылдан соң Қазақстанның оданда жоғары көтерілуіне сенемін.

Біздің елбасымыз – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – адал, дана адам, өте еңбекқор. Ол еліміздің дамуына, көркемдеуіне көп күш салып жатыр. Бұл кісінің арқасында қазақ халқының көп мүмкіндіктері пайда болды. Қазақстанда өз мемлекеттік рәміздері бар: ту, елтаңба, әнұран. Олар тәуелсіздікті, егемендікті, дәстүрлерді, бейбітшілікті көрсетеді. Тәуелсіздік – бүгінгі күннің өмірі ғана емес, сонымен қатар, еліміздің болашағы.

“Әр адамның ана тілін білуі – парыз, білмегені – ұят”, - деген Нұрсұлтан Әбішұлының сөздеріне сүйенуіміз керек. Себебі әр адам өз елінде тұрып, туған дәстүрлерін, мәдениетін, ал бастысы – ана тілін білуі міндетті. Менің ойымша, қазақ ата-бабаларымыз ғасырлар бойы құрастырған, қасиетті туған

**ҮШ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

тілін білмеу, құрметтемеу – өте арзыз, намыссыз, төмен, әрі ұят. Туған тілін үйрене алмаған адам, басқа тілді де ешқашан меңгере алмайды деп ойлаймын.

«Барлық игіліктерден ең ұлы – тәуелсіздік», - деп Годвин айтқандай, біз тәуелсіздігімізді сақтап, құрметтеп, онымен мақтануымыз керек. Өйткені көптеген халықтар өз елін, жерін, тілін, дінін, қайтаруға армандайды. Біз де ата-бабаларымыздың еңбегін бағалап, ұлы батырларымызды ұмытпауымыз керек!

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Сырбаева Камилла
4 сынып, №4 орта мектеп Қапшағай қ.
Алматы облысы
Жетекші: Закиряева Ляззат Ашимхановна

Тәуелсіздікке 25 жыл!

Тіл мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың байлығы, өткені, болашағы. Биыл тәуелсіздікке жиырма бес жыл толып отыр. Халқымыздың көптеген даналық сөздерін ойлап қарасам, ата-бабаларымыздың асқар таудай ақылында, өз өмір тәжірибесінен өткен өнегелі істері елін-жерін қорғау бірлікте, ынтымақта өмір сүріп, еліне елеулі, халқына қалаулы болу сияқты жақсы қасиетті ұрпақтан-ұрпаққа дарыса деген асыл арманы екен.

Сонау ғасырлар бойы ата-бабаларымыз, аға-әкелеріміз өз жерін еш жауға бастырмаған ұлын құл, қызын құл еткізбеуге батырлық ержүректігін жауына қатал, досына адал болған. Садақ ұстап қол-күшіне сеніп, найзаның ұшына үкі таққан ұлдары мен қыздарының жауынгерлік үлгісі бізге аманат болып жеткен.

Сан ғасырлық тарихымызда мақтан тұту, бүгiнiмiз бен келешегiмiз үшiн ғибрат алар оқиғалар мен отан алдындағы адал қызметiнен үлгi алар ұлы тұлғалар аз болмаған. Азаттық қазақтың ежелгi арманы едi. Мiне, бүгiнде сол тәуелсiздiк ата-бабамыз келешек ұрпаққа Отанымыз Қазақстан жерiн сақтап қалған, бiзге қалдырған асыл мұрасы екенi сөзсiз. Халық басына қиын-қыстау заман туған шақта, қазақ қауымының бас көтерген батыр да ержүрек перзенттерi елдiң елдiгiн, ердiң ерлiгiн сақтап қалды.